| 17.4. Қоғамның бағалы қағаздарының кепілін тіркеу тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарына сәйкес белгіленеді. | 17.4. Порядок регистрации залога ценных бумаг Общества определяется в соответствии с законодательством Республики Казахстан о рынке ценных бумаг. |
| **5-ТАРАУ. ҚОҒАМДЫ БАСҚАРУ** | **ГЛАВА 5. УПРАВЛЕНИЕ ОБЩЕСТВОМ** |
| **18-бап. Қоғамның органдары** | **Статья 18. Органы Общества** |
| Қоғам органдары:<br>- жоғары орган - акционерлердің жалпы жиналысы;<br>- басқару органы - директорлар кеңесі;<br>- атқарушы орган – Басқарма;<br>- бақылаушы орган – Ішкі аудит қызметі. | Органами Общества являются:<br>- высший орган – Общее собрание акционеров;<br>- орган управления – Совет директоров;<br>- исполнительный орган – Правление;<br>- контрольный орган - Служба внутреннего аудита. |
| **19-бап. Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысы** | **Статья 19. Общее собрание акционеров Общества** |
| 19.1. Акционерлердің жалпы жиналыстары жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді. | 19.1. Общие собрания акционеров подразделяются на годовые и внеочередные. |
| Қоғам акционерлердің жылдық Жалпы жиналысын жыл сайын өткізіп отыруға міндетті. Акционерлердің өзге жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады. | Общество ежегодно проводит годовое Общее собрание акционеров. Иные общие собрания акционеров являются внеочередными. |
| 19.2. Акционерлердің жыл сайынғы Жалпы жиналысында қоғамның жылдық қаржы есептілігі бекітіледі, өткен қаржы жылындағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшері белгіленеді, Қоғам мен лауазымды тұлғалардың әрекеттеріне акционерлердің шағымдары туралы мәселе, оларды қарастыру нәтижелері қарастырылады. Директорлар Кеңесінің төрағасы Қоғам акционерлеріне директорлар Кеңесі мен Қоғам Басқармасының мүшелеріне төленетін сыйақы мөлшері мен құрамы туралы ақпарат береді. | 19.2. На ежегодном Общем собрании акционеров утверждается годовая финансовая отчетность Общества, определяются порядок распределения чистого дохода Общества за истекший финансовый год и размер дивиденда в расчете на одну простую акцию Общества, рассматривается вопрос об обращениях акционеров на действия Общества и его должностных лиц и итогах их рассмотрения. Председатель совета директоров информирует акционеров Общества о размере и составе вознаграждения членов Совета директоров и Правления Общества. |

| | |
|---|---|
| 19.3. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес ай ішінде өткізілуге тиіс.<br>Есепті кезең ішінде қоғамның аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда аталған мерзім үш айға дейін ұзартылған болып саналады. | 19.3. Годовое Общее собрание акционеров должно быть проведено в течение пяти месяцев по окончании финансового года.<br>Указанный срок считается продленным до трех месяцев в случае невозможности завершения аудита Общества за отчетный период. |
| **20-бап. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының құзыреті**<br>20.1. Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мына мәселелер жатқызылады: | **Статья 20. Компетенция Общего собрания акционеров Общества**<br>20.1. К исключительной компетенции Общего собрания акционеров относится решение следующих вопросов: |
| 1) Қоғам жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакциясында бекіту; | 1) внесение изменений и дополнений в устав Общества или утверждение его в новой редакции; |
| 2) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту; | 2) утверждение кодекса корпоративного управления, а также изменений и дополнений в него; |
| 3) қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату; | 3) добровольная реорганизация или ликвидация Общества; |
| 4) қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту туралы шешім қабылдау; | 4) принятие решения об увеличении количества объявленных акций Общества; |
| 5) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін анықтау, сондай-ақ оларды өзгерту; | 5) определение условий и порядка конвертирования ценных бумаг Общества, а также их изменение; |
| 6) есеп комиссиясының сан құрамын және өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату; | 6) определение количественного состава и срока полномочий счетной комиссии, избрание ее членов и досрочное прекращение их полномочий; |
| 7) директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау; | 7) определение количественного состава, срока полномочий Совета директоров, избрание его членов и досрочное прекращение их полномочий, а также определение размера и условий выплаты вознаграждений членам Совета директоров; |
| 8) Тексеру комиссиясының сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Тексеру комиссиясының мүшелеріне сыйақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау; | 8) определение количественного состава, срока полномочий Ревизионной комиссии, избрание ее членов и досрочное прекращение их полномочий, а также определение размера и условий выплаты вознаграждений членам Ревизионной комиссии; |
| 9) жылдық қаржы есептілігін және Қоғамның тексеру комиссиясының қорытындыларын бекіту; | 9) утверждение годовой финансовой отчетности и заключения Ревизионной комиссии Общества; |
| 10) Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту; | 10) утверждение порядка распределения чистого дохода Общества за отчетный финансовый год, принятие решения о выплате дивидендов по простым акциям и утверждение размера дивиденда в расчете на одну простую акцию Общества; |
| 11) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау; | 11) принятие решения о невыплате дивидендов по простым акциям Общества; |
| 12) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру арқылы Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау; | 12) принятие решения об участии Общества в создании или деятельности иных юридических лиц путем передачи части или нескольких частей активов, в сумме составляющих двадцать пять и более процентов от всех принадлежащих Обществу активов; |
| 13) акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы Қоғамның акционерлерге хабарлау нысанын белгілеу және мұндай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында беру туралы шешім қабылдау; | 13) определение формы извещения Обществом акционеров о созыве Общего собрания акционеров и принятие решения о размещении такой информации в средствах массовой информации; |
| 14) қоғам акцияларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесіне өзгертулерді бекіту (егер құрылтай жиналысымен бекітілмесе, әдістемені бекіту); | 14) утверждение изменений в методику (утверждение методики, если она не была утверждена учредительным собранием), определения стоимости акций при их выкупе Обществом в соответствии с законодательством Республики Казахстан; |
| 15) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту; | 15) утверждение повестки дня Общего собрания акционеров; |
| 16) қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу; | 16) определение аудиторской организации, осуществляющей аудит Общества; |
| 17) акционерлерге Қоғам қызметі туралы ақпарат беру тәртібін белгілеу. | 17) определение порядка предоставления акционерам информации о деятельности Общества. |
| 20.2. Осы Жарғының 20.1 бабы 1)-3) тармақшаларында | 20.2. Решения, по вопросам, указанным в подпунктах |

| | |
|---|---|
| аталған мәселелер бойынша шешімдер Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының айқын басым көпшілігімен қабылданады. | 1)-4) статьи 20.1 настоящего Устава принимаются квалифицированным большинством от общего числа голосующих акций Общества. |
| Акционерлердің жалпы жиналысының өзге мәселелер бойынша шешімдері Қоғамның дауыс беруге қатысушы дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданады. | Решения общего собрания акционеров по иным вопросам принимаются простым большинством голосов от общего числа голосующих акций Общества, участвующих в голосовании. |
| 20.3. Егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгеше көзделмесе, шешім қабылдау акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді басқа органдардың, лауазымды адамдардың және Қоғам қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді. | 20.3. Не допускается передача вопросов, принятие решений по которым отнесено к исключительной компетенции Общего собрания акционеров, в компетенцию других органов, должностных лиц и работников Общества, если иное не предусмотрено законодательными актами Республики Казахстан. |
| 20.4. Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Қоғамның өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы. | 20.4. Общее собрание акционеров вправе отменить любое решение иных органов Общества по вопросам, относящимся к внутренней деятельности Общества. |
| **21-бап. Қоғам акционерлердің жалпы жиналысын шақыру тәртібі** | **Статья 21. Порядок созыва Общего собрания акционеров Общества** |
| 21.1. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын директорлар кеңесі шақырады. | 21.1. Годовое Общее собрание акционеров созывается Советом директоров. |
| 21.2. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы директорлар кеңесінің, ірі акционердің бастамасы бойынша шақырылады. | 21.2. Внеочередное Общее собрание акционеров созывается по инициативе Совета директоров, крупного акционера. |
| Ерікті түрде таратылу процесіндегі қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын Қоғамның тарату комиссиясы шақыруы, әзірлеуі және өткізуі мүмкін. | Внеочередное Общее собрание акционеров Общества, находящегося в процессе добровольной ликвидации, может быть созвано, подготовлено и проведено ликвидационной комиссией Общества. |
| 21.3. Акционерлердің жалпы жиналысын әзірлеу мен өткізуді Басқарма, өзімен жасалған шартқа сәйкес Қоғамның тіркеушісі, директорлар кеңесі, Қоғамның тарату комиссиясы жүзеге асырады. | 21.3. Подготовка и проведение Общего собрания акционеров осуществляются Правлением, регистратором Общества в соответствии с заключенным с ним договором, Советом директоров, ликвидационной комиссией Общества. |
| Қоғамның корпоративтік хатшысы өз қызметі шеңберінде акционерлер жминалысы мен Қоғамның директорлар Кеңесі отырыстарының дайындығын және өткізілуін бақылайды, акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелері жөніндегі материалдар мен Қоғамның диекторлар Кеңесі отырысына материалдардың құралуын қамтамасыз етеді, олармен танысуға мүмкіндікпен қамтамасыз етуге бақылау жасайды. | Корпоративный секретарь Общества в рамках своей деятельности контролирует подготовку и проведение заседаний собрания акционеров и Совета директоров Общества, обеспечивает формирование материалов по вопросам повестки дня общего собрания акционеров и материалов к заседанию Совета директоров Общества, ведет контроль за обеспечением доступа к ним. |
| 21.4. Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру, әзірлеу және өткізу жөніндегі шығындарды Қоғам көтереді. | 21.4. Расходы по созыву, подготовке и проведению Общего собрания акционеров несет Общество. |
| 21.5. Қоғамның органдары акционерлердің жылдық жалпы жиналысын шақырудың Қазақстан Республикасының заң актілерімен және/немесе осы Жарғымен белгіленген тәртібін бұзған жағдайда, акционерлердің жылдық жалпы жиналысы кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін. | 21.5. Годовое Общее собрание акционеров может быть созвано и проведено на основании решения суда, принятого по иску любого заинтересованного лица, в случае нарушения органами Общества порядка созыва годового общего собрания акционеров, установленного законодательными актами Республики Казахстан и/или настоящим Уставом. |
| **22-бап. Ірі акционердің бастамасымен акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру және өткізу ерекшеліктері** | **Статья 22. Особенности созыва и проведения внеочередного Общего собрания акционеров по инициативе крупного акционера** |
| 22.1. Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы талап Қоғам Басқармасының орналасқан жері бойынша тиісті жазбаша хабарламаны бағыттау арқылы Директорлар кеңесіне ұсынылады және онда ондай жиналыстың күн тәртібі көрсетілуі қажет. | 22.1. Требование о созыве внеочередного Общего собрания акционеров предъявляется Совету директоров посредством направления по месту нахождения Правления Общества соответствующего письменного сообщения, которое должно содержать повестку дня такого собрания. |
| 22.2. Директорлар кеңесі аталмыш талапты алған күннен бастап он күннің ішінде шешім қабылдап және | 22.2. Совет директоров обязан в течение десяти дней со дня получения указанного требования принять |

| | |
|---|---|
| ондай талапты қойған тұлғаға Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы хабарламаны бағыттауы қажет. Қойылған талапқа сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысын шақырған кезде Директорлар кеңесі акционерлер жалпы жиналысының күн тәртібін өз қарауы бойынша кез келген мәселелермен толықтыра алады. | решение и направить лицу, предъявившему это требование, сообщение о созыве внеочередного Общего собрания акционеров. При созыве внеочередного Общего собрания акционеров в соответствии с предъявленным требованием Совет директоров вправе дополнить повестку дня Общего собрания любыми вопросами по своему усмотрению. |
| **23-бап. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімі**<br>23.1. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімі Қоғам акцияларын ұстаушылардың реестрлер жүйесіндегі деректердің негізнде Қоғам тіркеушісімен құрастырылады. Аталмыш тізімді құрастыру күні Жалпы жиналысты өткізу туралы шешім қабылданған күннен ерте белгіленбейді.<br>Акционерлердің тізіміне енгізілуі қажет мәліметтер уәкілетті органмен анықталады.<br>23.2. Егер Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімін құрастырғаннан кейін осы тізімге енгізілген тұлға оған тиесілі Қоғамның дауыс беретін акцияларын шеттетсе, Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығы жаңа акционерге өтеді. Бұл жағдайда ацияға меншік құқығын растайтын құжаттар ұсынылуы қажет. | **Статья 23. Список акционеров, имеющих право принимать участие в Общем собрании акционеров**<br>23.1. Список акционеров, имеющих право принимать участие в Общем собрании акционеров и голосовать на нем, составляется регистратором Общества на основании данных системы реестров держателей акций Общества. Дата составления указанного списка не может быть установлена ранее даты принятия решения о проведении Общего собрания.<br>Сведения, которые должны быть включены в список акционеров, определяются уполномоченным органом.<br>23.2. В случае, если после составления списка акционеров, имеющих право принимать участие в общем собрании акционеров и голосовать на нем, включенное в этот список лицо произвело отчуждение принадлежащих ему голосующих акций Общества, право участия в Общем собрании акционеров переходит к новому акционеру. При этом должны быть представлены документы, подтверждающие право собственности на акции. |
| **24-бап. Жалпы жиналыс өткізілетін күн, уақыт және жер**<br>24.1. Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күн және уақыт жиналысқа қатысуға құқылы тұлғалардың көбісі оған қатыса алатындай етіп белгіленеді.<br>Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның Басқармасы орналасқан елді мекенде өткізілуі қажет.<br>24.2. Жиналыс қатысушыларын тіркеуді бастау уақыты және жиналыс өткізілетін уақыт Қоғамның санақ комиссиясына жиналыс қатысушыларын тіркеу, санау және оның кворумының бар-жоғын анықтау үшін жеткілікті уақытты қамтамасыз етуі қажет. | **Статья 24. Дата, время и место проведения Общего собрания**<br>24.1. Дата и время проведения Общего собрания акционеров устанавливаются таким образом, чтобы в собрании могло принять участие наибольшее количество лиц, имеющих право в нем участвовать.<br>Общее собрание акционеров должно проводиться в населенном пункте по месту нахождения Правления Общества.<br>24.2. Время начала регистрации участников собрания и время проведения собрания должны обеспечить счетной комиссии Общества достаточное время для проведения регистрации, подсчета числа участников собрания и определения наличия его кворума. |
| **25-бап. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы ақпарат**<br>25.1. Акционерлер жалпы жиналыстың жуырда өткізілетіні туралы 30 (отыз) күнтізбелік күннен, ал сырттай немесе аралас дауыс беру кезінде жиналысты өткізетін мерзімге дейін 45 (қырық бес) күнтізбелік күннен кешіктірілмей құлақдар болуы қажет.<br>25.2. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы қажет және(немесе) акционерге жазбаша хабарламаны бағыттау арқылы хабарлануы қажет.<br>Осы баптың 25.1 тармағында белгіленген мерзімді есептеу акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламаны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялаған күннен бастап не болмаса оны акционерлерге жазбаша хабарландыру түрінде бағыттаған күннен бастап жүргізіледі.<br>Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламаны бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік тілде және басқа тілдерде жариялаған | **Статья 25. Информация о проведении Общего собрания акционеров**<br>25.1. Акционеры должны быть извещены о предстоящем проведении Общего собрания не позднее, чем за тридцать календарных дней, а в случае заочного или смешанного голосования – не позднее, чем за сорок пять календарных дней до даты проведения собрания.<br>25.2. Извещение о проведении Общего собрания акционеров должно быть опубликовано в средствах массовой информации и (или) доведено до сведения акционера посредством направления ему письменного сообщения.<br>Отсчет сроков, установленных в пункте 25.1 настоящей статьи, производится с даты публикации извещения о проведении общего собрания акционеров в средствах массовой информации либо даты его направления акционерам в виде письменных сообщений.<br>В случае публикации извещения о проведении общего собрания акционеров в средствах массовой информации на государственном и других языках, отсчет сроков, |

| | |
|---|---|
| жағдайда, осы баптың 25.1 тармағында белгіленген мерзімді есептеу ондай соңғы жарияланым күнінен бастап жүргізіледі. | установленных в пункте 25.1 настоящей статьи, производится с даты последней из таких публикаций. |
| 25.3. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада көрсетіледі:<br>1) Қоғамның толық атауы және оның Басқармасының орналасқан жері;<br>2) жиналысты шақыру туралы бастама көтерген тұлға;<br>3) Акционерлер жалпы жиналысын өткізудің мерзімі, уақыты және жері, жиналыс қатысушыларын тіркеу басталатын уақыт, сонымен қатар егер акционерлердің жалпы жиналысы өткізілмесе, акционерлердің қайталама жалпы жиналысы өткізілетін күн және уақыт;<br>4) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқылы акционерлердің тізімі құрастырылған күн;<br>5) Акционерлер жалпы жиналысының кворумы;<br>6) Акционерлер жалпы жиналысының Акционерлер жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен танысу тәртібі. | 25.3. Извещение о проведении Общего собрания акционеров Общества должно содержать:<br>1) полное наименование Общества и место нахождения его Правления;<br>2) сведения об инициаторе созыва собрания;<br>3) дату, время и место проведения Общего собрания акционеров Общества, время начала регистрации участников собрания, а также дату и время проведения повторного Общего собрания акционеров Общества, которое должно быть проведено, если первое собрание не состоится;<br>4) дату составления списка акционеров, имеющих право на участие в Общем собрании акционеров;<br>5) повестку дня Общего собрания акционеров;<br>6) порядок ознакомления акционеров Общества с материалами по вопросам повестки дня Общего собрания акционеров. |
| 25.4. Миноритарлық акционер Акционерлер жалпы жиналысының күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша шешім қабылдау кезінде басқа акционерлермен бірігу мақсатында Қоғам тіркеушісіне жүгінуге құқылы. Миноритарлық акционердің Қоғам тіркеушісіне жүгіну және Қоғам тіркеушісінің ақпаратты басқа акционерлерге тарату тәртібі бағалы қағаздарды ұстаушылардың реестрлер жүйесін жүргізу бойынша шартпен белгіленеді. | 25.4. Миноритарный акционер вправе обратиться к регистратору Общества в целях объединения с другими акционерами при принятии решений по вопросам, указанным в повестке дня общего собрания акционеров. Порядок обращения миноритарного акционера и распространения информации регистратором Общества другим акционерам устанавливается договором по ведению системы реестров держателей ценных бумаг |
| **26-бап. Акционерлердің қайталама жалпы жиналысы** | **Статья 26. Повторное Общее собрание акционеров** |
| 26.1. Акционерлердің қайталама Жалпы жиналысын өткізу акционерлердің бастапқы (болмай қалған) жиналысын өткізуге белгіленген күннің ертесінен ерте белгіленбейді. | 26.1. Проведение повторного Общего собрания акционеров может быть назначено не ранее, чем на следующий день после установленной даты проведения первоначального (несостоявшегося) Общего собрания акционеров. |
| 26.2. Акционерлердің қайталама Жалпы жиналысы болмай қалған жиналыс өтетін мекен-жайда өткізілуі тиіс. | 26.2. Повторное Общее собрание акционеров проводится в том месте, где и несостоявшееся Общее собрание акционеров. |
| 26.3. Акционерлердің қайталама Жалпы жиналысының күн тәртібі Акционерлердің болмай қалған жиналысының күн тәртібінен ерекшеленбеуі қажет. | 26.3. Повестка дня повторного Общего собрания акционеров не должна отличаться от повестки дня несостоявшегося Общего собрания акционеров. |
| **27-бап. Акционерлер жалпы жиналысының күн тәртібі** | **Статья 27. Повестка дня общего собрания акционеров** |
| 27.1. Акционерлер жалпы жиналысының күн тәртібі Директорлар кеңесімен құрастырылады және онда талқылануға шығарылатын нақты тұжырымдалған мәселелердің тізбесі көрсетілуі қажет.<br>Акционерлер жалпы жиналысының күн тәртібі ірі акционермен немесе директорлар кеңесімен толықтырылуы мүмкін, алайда бұл жағдайда акционерлер жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін он бес күн бұрын не болмаса осы баптың 27.4-тармағымен белгіленген тәртіпте ондай толықтырулар туралы хабардар болулары тиіс. | 27.1. Повестка дня общего собрания акционеров формируется советом директоров и должна содержать исчерпывающий перечень конкретно сформулированных вопросов, выносимых на обсуждение.<br>Повестка дня общего собрания акционеров может быть дополнена крупным акционером или советом директоров при условии, что акционеры Общества извещены о таких дополнениях не позднее чем за пятнадцать дней до даты проведения общего собрания или в порядке, установленном пунктом 27.4 настоящей статьи. |
| 27.2. Күндізгі тәртіпте өткізілетін акционерлердің жалпы жиналысын ашқан кезде директорлар кеңесі күн тәртібін өзгерту бойынша келіп түскен ұсыныстар туралы баяндауға міндетті. | 27.2. При открытии общего собрания акционеров, проводимого в очном порядке, совет директоров обязан доложить о полученных им предложениях по изменению повестки дня. |
| 27.3. Акционерлер жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту жиналыста танытылған Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының көпшілігімен жүргізілуі қажет. | 27.3. Утверждение повестки дня общего собрания акционеров осуществляется большинством голосов от общего числа голосующих акций Общества, представленных на собрании. |
| 27.4. Егер күн тәртібіне өзгертулер және (немесе) | 27.4. В повестку дня могут вноситься изменения и |

| | |
|---|---|
| толықтыруларды енгізу үшін акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған және Қоғамның дауыс беру акцияларының жиынтығында кем дегенде тоқсан бес пайызын иеленетін акционерлердің (олардың өкілдерінің) көпшілігі дауыс берсе, онда күн тәртібіне өзгертулер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін. | (или) дополнения, если за их внесение проголосовало большинство акционеров (или их представителей), участвующих в общем собрании акционеров и владеющих в совокупности не менее чем девяноста пятью процентами голосующих акций Общества. |
| Акционерлердің жалпы жиналысы сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдаған жағдайда, акционерлер жалпы жиналысының күн тәртібі өзгертілмейді және (немесе) толықтырылмайды. | При принятии решения общим собранием акционеров посредством заочного голосования повестка дня общего собрания акционеров не может быть изменена и (или) дополнена. |
| 27.5. Акционерлердің жалпы жиналысы оның күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарастыруға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқықсыз. | 27. 5. Общее собрание акционеров не вправе рассматривать вопросы, не включенные в его повестку дня, и принимать по ним решения. |
| 27.6. Күн тәртібінде ұғымы кең тұжырымдамаларды қолдануға тыйым салынады, атап айтқанда: "әр түрлі", "өзге", "басқа" және оған ұқсас тұжырымдамалар. | 27.6. Запрещается использовать в повестке дня формулировки с широким пониманием, включая "разное", "иное", "другие" и аналогичные им формулировки. |
| **28-бап. Акционерлер жалпы жиналысының сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдауы.** | **Статья 28.. Принятие решений общим собранием акционеров посредством заочного голосования.** |
| 28.1 Акционерлер жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беруді жүргізу арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлердің дауыс беруімен бірге (аралас дауыс беру), не болмаса акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізбей қолданылуы мүмкін. | 28.1 Решения общего собрания акционеров могут быть приняты посредством проведения заочного голосования. Заочное голосование может применяться вместе с голосованием акционеров, присутствующих на общем собрании акционеров (смешанное голосование), либо без проведения заседания общего собрания акционеров. |
| 28.2. Сырттай дауыс беру өткізілетін жағдайда бірыңғай нысандағы дауыс беруге арналған бюллетеньдер акционерлер тізіміне енгізілген тұлғаларға жіберіледі (таратылады). | 28.2. При проведении заочного голосования бюллетени для голосования единой формы рассылаются (раздаются) лицам, которые включены в список акционеров. |
| Қоғам акционерлер жалпы жиналысында дауыс берудің қорытындысына әсер ету мақсатымен таңдаулы түрде жеке акционерлерге бюллетендер жіберуге құқысыз. | Общество не вправе избирательно направлять отдельным акционерам бюллетени для голосования с целью оказания влияния на результаты голосования на общем собрании акционеров. |
| 28.3. Дауыс беруге арналған бюллетень акционерлер тізіміне енгізілген тұлғаларға акционерлер жалпы жиналысының отырысын өткізетін мерзімге дейін қырық бес күннен кешіктірілмей жіберілуі керек. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізбей сырттай дауыс беру кезінде акционерлер саны бес жүз және одан асатын Қоғам жарғымен анықталған бұқаралық ақпарат құралдарында акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламамен бірге акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге арналған бюллетеньді жариялауы қажет. | 28.3. Бюллетень для голосования должен быть направлен лицам, включенным в список акционеров, не позднее чем за сорок пять дней до даты проведения заседания общего собрания акционеров. При заочном голосовании без проведения общего собрания акционеров Общество с числом акционеров пятьсот и более обязано опубликовать в средствах массовой информации, определенных уставом, бюллетень для заочного голосования на общем собрании акционеров вместе с извещением о проведении общего собрания акционеров. |
| 28.4. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетенге акционер - жеке тұлға қол қояды және онда ол тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер көрсетілуі керек. | 28.4. Бюллетень для заочного голосования должен быть подписан акционером-физическим лицом с указанием сведений о документе, удостоверяющем личность данного лица. |
| Сырттай дауыс беруге арналған акционердің – заңды тұлғаның бюллетеніне оның басшысы қол қояды және ол заңды тұлғаның мөрімен куәландырылған болуы қажет. Акционер-жеке тұлғаның не болмаса акционер-заңды тұлға басшысының қолы қойылмаған, сонымен қатар заңды тұлғаның мөрімен куәландырылмаған бюллетень жарамсыз деп саналады. | Бюллетень для заочного голосования акционера-юридического лица должен быть подписан его руководителем и заверен печатью юридического лица. Бюллетень без подписи акционера-физического лица либо руководителя акционера-юридического лица, а также без печати юридического лица считается недействительным. |
| Дауыстарды санау кезінде бюллетенде анықталған дауыс беру тәртібі сақталған және дауыс берудің тек ықтимал нұсқаларының бірі белгіленген мәселелер бойынша ғана дауыстар есепке алынады. | При подсчете голосов учитываются голоса по тем вопросам, по которым акционером соблюден порядок голосования, определенный в бюллетене, и отмечен только один из возможных вариантов голосования. |
| 28.5. Егер Акционерлер Жалпы жиналысының күн | 28.5. Если повестка дня общего собрания акционеров |

| | |
|---|---|
| тәртібінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселе болса, онда сырттай дауыс беруге арналған бюллетенде жеке кандидаттарға берілген дауыстар санын көрсету үшін жолдар берілуі керек. | содержит вопросы об избрании членов совета директоров, бюллетень для заочного голосования должен содержать поля для указания количества голосов, поданных за отдельных кандидатов. |
| 28.6. Егер сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньді бағыттаған акционер аралас дауыс беру қолданылатын акционерлер жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге келсе, онда оның бюллетені акционерлер жалпы жиналысының кворумын анықтау және күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беру кезінде есепке алынбайды. | 28.6. Если акционер, ранее направивший бюллетень для заочного голосования, прибыл для участия и голосования на общем собрании акционеров, на котором используется смешанное голосование, его бюллетень не учитывается при определении кворума общего собрания акционеров и подсчете голосов по вопросам повестки дня. |
| **29-бап. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі** | **Статья 29. Порядок проведения Общего собрания акционеров** |
| 29.1. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің тәртібі заңнамаға және осы Жарғыға сәйкес не болмаса тікелей акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен анықталады. | 29.1. Порядок проведения Общего собрания акционеров определяется в соответствии с законодательством и настоящим Уставом либо непосредственно решением Общего собрания. |
| 29.2. Акционерлердің жалпы жиналысы ашылғанға дейін келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі оның Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу және онда дауыс беру өкілеттігін растайтын сенімхатты ұсынуы қажет. | 29.2. До открытия Общего собрания акционеров проводится регистрация прибывших акционеров (их представителей). Представитель акционера должен предъявить доверенность, подтверждающую его полномочия на участие и голосование на Общем собрании акционеров. |
| Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворумды анықтауда есепке алынбайды және дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ. | Акционер (представитель акционера), не прошедший регистрацию, не учитывается при определении кворума и не вправе принимать участие в голосовании. |
| Күндізгі тәртіпте өткізілетін Акционерлер жалпы жиналысының шешімімен онда шақыру арқылы басқа тұлғалар қатысуы мүмкін. Ондай тұлғалардың Акционерлер Жалпы жиналысына қатысу құқығы Акционерлер жалпы жиналысының шешімімен белгіленеді. | Решением Общего собрания акционеров, проводимого в очном порядке, на нем могут присутствовать без приглашения иные лица. Право таких лиц выступать на Общем собрании акционеров устанавливается решением Общего собрания акционеров. |
| 29.3. Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болған жағдайда жарияланған уақытта ашылады. | 29.3. Общее собрание акционеров открывается в объявленное время при наличии кворума. |
| Барлық акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелсе, хабарланса және жиналысты ашудың уақытын өзгертуге қарсы болмаған жағдайдан басқа кездері акционерлердің жалпы жиналысы жарияланған уақыттан бұрын ашылмайды. | Общее собрание акционеров не может быть открыто ранее объявленного времени, за исключением случая, когда все акционеры (их представители) уже зарегистрированы, уведомлены и не возражают против изменения времени открытия собрания. |
| 29.4. Акционерлердің жалпы жиналысы жалпы жиналыстың төрағасын (президиумын) және хатшысын сайлайды. | 29.4. Общее собрание акционеров проводит выборы председателя (президиума) и секретаря общего собрания. |
| Акционерлердің жалпы жиналысы дауыс берудің нысанын – ашық немесе құпия (бюллетендер бойынша) – анықтайды. Жалпы жиналыстың Төрағасын (президиумын) және хатшысын сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беру кезінде әрбір акционер бір дауысқа ие, ал шешім қатысып отырғандардың арасынан жай көпшілік дауыстармен қабылданады. Басқарма және Тексеру комиссиясының мүшелері акционерлердің жалпы жиналысында төрағалық ете алмайды. | Общее собрание акционеров определяет форму голосования – открытое или тайное (по бюллетеням). При голосовании по вопросу об избрании председателя (президиума) и секретаря общего собрания акционеров каждый акционер имеет один голос, а решение принимается простым большинством голосов от числа присутствующих. Члены Правления и Ревизионной комиссии не могут председательствовать на общем собрании акционеров. |
| 29.5. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу барысында оның төрағасы дауыс беруге қарастырылып отырған мәселе бойынша дауды тоқтату туралы, сонымен қатар ол бойынша дауыс беру тәсілін өзгерту туралы ұсыныс жасай алады. | 29.5. В ходе проведения Общего собрания акционеров его председатель вправе вынести на голосование предложение о прекращении прений по рассматриваемому вопросу, а также об изменении способа голосования по нему. |
| Төраға күн тәртібіндегі мәселені талқылауға қатысуға құқылы тұлғалардың сөз сөйлеуіне кедергі келтіруге құқықсыз, алайда егер ондай сөз сөйлеулер аціонерлер жалпы жиналысының регламентін бұзуға алып келетін болса немесе ондай мәселе бойынша даулар тоқтатылса. | Председатель не вправе препятствовать выступлениям лиц, имеющих право участвовать в обсуждении вопроса повестки дня, за исключением случаев, когда такие выступления ведут к нарушению регламента Общего собрания акционеров или когда прения по данному вопросу прекращены. |
| 29.6. Акционерлердің жалпы жиналысы өз жұмысын тоқтату және жұмыс мерзімін ұзарту | 29.6. Общее собрание акционеров вправе принять решение о перерыве в своей работе и о продлении срока |

| | |
|---|---|
| туралы, сонымен қатар акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі жеке мәселелерді қарастыруды келесі күнге көшіру туралы шешімді қабылдай алады. | работы, в том числе о переносе рассмотрения отдельных вопросов повестки дня Общего собрания акционеров на следующий день. |
| 29.7. Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі барлық мәселелерді қарастырғаннан кейін және олар бойынша шешім қабылдағаннан кейін ғана жабық деп жариялана алады. | 29.7. Общее собрание акционеров может быть объявлено закрытым только после рассмотрения всех вопросов повестки дня и принятия решений по ним. |
| 29.8. Акционерлер жалпы жиналысының хатшысы акционерлер Жалпы жиналысының хаттамасында көрініс тапқан мәліметтердің толықтығына және растығына жауап береді. | 29.8. Секретарь Общего собрания акционеров отвечает за полноту и достоверность сведений, отраженных в протоколе Общего собрания акционеров. |
| **30-бап. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру** | **Статья 30. Голосование на Общем собрании акционеров** |
| 30.1. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру «бір акция - бір дауыс» ұстанымы бойынша жүргізіледі, тек мына жағдайлардан басқа: | 30.1. Голосование на общем собрании акционеров осуществляется по принципу "одна акция - один голос", за исключением следующих случаев: |
| 1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған жағдайларда бір акционерге ұсынылатын акциялар бойынша максималды дауыс санын шектеу; | 1) ограничения максимального количества голосов по акциям, предоставляемых одному акционеру в случаях, предусмотренных законодательными актами Республики Казахстан; |
| 2) Директорлар кеңесінің мүшелерін және Қоғамның Тексеру комиссиясының мүшелерін сайлауда кумулятивтік дауыс беру; | 2) кумулятивного голосования при избрании членов Совета директоров и членов Ревизионной комиссии Общества; |
| 3) акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге құқылы әрбір тұлғаға акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің іс жүргізу мәселелері бойынша бір дауыстан беру. | 3) предоставления каждому лицу, имеющему право голосовать на Общем собрании акционеров, по одному голосу по процедурным вопросам проведения Общего собрания акционеров. |
| 30.2. Кумулятивтік дауыс беруде акционер акциялар бойынша берілетін дауыстарын Директор кеңесінің мүшелеріне сайланатын толықтай бір үміткерге бере алады не болмаса оны бірнеше үміткерлер арасында үйлестіре алады. Көп дауыстар санын жинаған үміткерлер Директорлар кеңесіне сайланған болып саналады. | 30.2. При кумулятивном голосовании предоставляемые по акции голоса могут быть отданы акционером полностью за одного кандидата в члены Совета директоров или распределены им между несколькими кандидатами в члены Совета директоров. Избранными в Совет директоров признаются кандидаты, за которых было отдано наибольшее количество голосов. |
| 30.3. Егер күндізгі тәртіпте өткізіліп жатқан акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құпия жолмен жүргізіліп жатса, ондай дауыс беруге арналған бюллетеньдер (бұдан кейін – құпия дауыс беруге арналған бюллетеньдер) дауыс беру құпия жолмен жүргізілетін әрбір жеке мәселе бойынша құрастырылуы қажет. Бұл жағдайда сырттай құпия дауыс беруге арналған бюллетеньде келесі мәліметтер көрсетілуі қажет: | 30.3. В случае, если голосование на Общем собрании акционеров, проводимом в очном порядке, осуществляется тайным способом, бюллетени для такого голосования (далее в настоящей статье - бюллетени для очного тайного голосования) должны быть составлены по каждому отдельному вопросу, по которому голосование осуществляется тайным способом. При этом бюллетень для очного тайного голосования должен содержать: |
| 1) дауыс беруге қойылған нақты тұжырымдалған мәселе немесе оның күн тәртібіндегі реттік нөмірі; | 1) формулировку вопроса или его порядковый номер в повестке дня собрания; |
| 2) дауыс берудің нұсқалары және олар мына сөздермен берілу керек: «жақтап дауыс беру», «қарсы болу», «қалыс қалу» немесе Қоғам органдарына сайланатын әрбір үміткер бойынша нұсқалар; | 2) варианты голосования по вопросу, выраженные словами "за", "против", "воздержался", или варианты голосования по каждому кандидату в органы Общества; |
| 3) акционерге тиесілі дауыстардың саны; | 3) количество голосов, принадлежащих акционеру. |
| 30.4. Құпия дауыс беруге арналған бюллетеньге акционер қол қоймайды, тек мына жағдайлардан басқа, егер акционер бюллетеньге өзі қол қоюға ниет білдірсе, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оған тиесілі акцияларды сатып алу туралы Қоғамға талап қою мақсатында. | 30.4. Бюллетень для очного тайного голосования не подписывается акционером, за исключением случая, когда акционер сам изъявил желание подписать бюллетень, в том числе в целях предъявления Обществу требования о выкупе принадлежащих ему акций в соответствии с законодательством Республики Казахстан. |
| Құпия дауыс беруге арналған бюллетеньдер бойынша дауыстарды санау кезінде бюллетенде анықталған дауыс беру тәртібі сақталған және дауыс берудің тек ықтимал нұсқаларының бірі белгіленген мәселелер бойынша ғана дауыстар есепке алынады. | При подсчете голосов по бюллетеням для очного тайного голосования учитываются голоса по тем вопросам, по которым голосующим соблюден порядок голосования, определенный в бюллетене, и отмечен только один из возможных вариантов голосования. |
| 30.5. Акционерлер жалпы жиналысында дауыс беру нәтижелері немесе сырттай дауыс беру нәтижелері | 30.5. Итоги голосования общего собрания акционеров или результаты заочного голосования доводятся до |

| | |
|---|---|
| акционерлерге акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан кейін он күннің ішінде оларды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы немесе әрбір акционерге жазбаша хабарландыру бағыттау арқылы хабарланады. | сведения акционеров посредством опубликования их в средствах массовой информации или направления письменного уведомления каждому акционеру в течение десяти дней после закрытия общего собрания акционеров. |
